



**Автор:** Альмухамбетова Айнагуль Талгатовна

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 6-сынып

**Бөлім:** Компьютерлік графика

**Тақырып:** Растрлық және векторлық бейнелерді салыстыру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.2.3- растрлық және векторлық графика артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау
Сабақтың мақсаты:	Растрлық және векторлық графика артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалай отырып, практикалық тапсырмалар орындау
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика және терминология: Растрлық графика, векторлық графика, пиксель, графикалық примитив, бұрмалау, графиканың сапасы, файл өлшемі, кеңейтілімі. Диалогтар мен әріптер үшін пайдалы тіркестер: ... растрлық және векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктері болып табылады
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар растрлық және векторлық бейнелерді ажырата алады Компьютерлік графика түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалай алады Практикалық жұмыс кезінде артықшылықтары мен кемшіліктерін қолдана алады.
Бағалау критерийлері:	Растрлық және векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктеріне баға береді.
Құндылықтарды дарыту:	Тәжірибелік жұмыс, бір-бірін бағалау барысында академиялық адалдықты сақтау. Топта жұмыс істеу арқылы, сыныптастардың жауаптарын тыңдау арқылы бір-бірін сыйластыққа үйрету. Этика нормаларын сақтай отырып, объективті бағалауға қабілетті.
Пәнаралық байланыс:	Мазмұн арқылы жүзеге асырылады (бейнелеу өнері, орыс тілі).
Бастапқы білім:	Компьютерлік графика түрлері, графикалық редакторлар

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (0-10 мин)</p>	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу. Түгендеу, сәлемдесу Қазақтар қол алысады Италияда құшақтасады Бразилияда бір-бірінің иығын қағады Микарадуада арқасымен Зимбабелде шынтақпен Австралияда шапалақ,секіру Оқушылардың сабаққа белсене қатысу мақсатында орындалатын «Көтеріңкі көңіл күй» тренингін өткіземін - Көңіл - күйлеріңіз қалай ? Керемет (қолдарын көтеру) - Сабаққа дайынсыңдар ма ? Тамаша (шапалақ) - Ендеше бастайық. О - о - о (бас бармақтарын көрсету) II. Үй жұмысын тексеру. Жеке жұмыс А)Өткен тақырыпқа шолу. Bilimland сайты арқылы тест жұмысы B)LearningApps – білім порталы арқылы растрлық және векторлық графиканы ажырату арқылы жаңа сабақ тақырыбын ашу, мақсатынанықтау Our mission: Растрлық және векторлық графика артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау. Графикалық редакторларды салыстыру Оқушылар оқу мақсатын айқындай отырып мынадай нәтижелерге қол жеткізуі керек: • Растрлық және векторлық бейнелерді ажырат  а алады • Графикалық редакторларды салыстырады Артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалай алады</p>	<p><a href="https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/7-cynyp/lesson/kompyuterlik-grafika-turleri">https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/7-cynyp/lesson/kompyuterlik-grafika-turleri</a></p> <p><a href="https://learningapps.org/display?v=pcntjzywn01">https://learningapps.org/display?v=pcntjzywn01</a></p>
-------------------------------------	--	---

<p>Сабақтың ортасы (18 мин)</p>	<p>Let's go started. III. Жаңа сабақты меңгеру. Think-pair-share. Ойлан-жұптас-бөліс. Оқушылар онлайн түрде жұпқа бөлініп, жаңа сабақты өз беттерімен меңгереді. Bilimland сайты арқылы Растрлық бейненің параметрлері атты видео тамашалау. Берілген ақпаратты бір – біріне түсіндіріп, чек парақтарын толтырып отырады толтырып отырады. 1-жұп Растрлық графика 2-жұп Векторлық графика Key vocabulary: Растрлық графика-Растрная графика-Raster graphics Векторлық графика-Векторная графика -Vector graphics IV. Зерттеу жұмысы. Практикалық тапсырма 1-жұп-Paint графикалық редакторында 2-жұп Inkscape графикалық редакторында мемлекеттік тудың бейнесін салып, зерттеу сұрақтары бойынша суретті зерттейді. Зерттеу сұрақтары: 1. Сурет салу ерекшелігі 2. Суреттің кеңейтілімі 3. Көлемі 4. Бейнені үлкейтіп-кішірейтудегі ерекшеліктері Дескриптор: -Paintnet графикалық редакторында берілген нысанды салады -Inkscape бағдарламасында графикалық кескіндерді пайдаланады -Түстер палитрасын қолданады Көз жаттығулары V . Робот тапсырмасы. Квест ойыны. Оқушылар QR кодты оқу арқылы сұрақтарға жауап береді 1. Қарапайым, күрделі суреттерді күнделікті өмірде салуға болады -Растрлық графика 2.Логотиптер, диаграммалар, блок-сызбалар құрастыру кезінде қолданылады. – Векторлық графика 3. Adobe Illustrator, CorelDraw– Векторлық графика 4. Paint, Photoshop- Растрлық графика 5. Inkscape Векторлық графика 6. Бір пиксельдің түсі 2 битпен анықталады Растрлық графика Дескриптор: -Растрлық графиканың ерекшеліктерін бағалайды -Векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтайды</p>	<p><a href="https://ultragenerator.com/splitgroups/">https://ultragenerator.com/splitgroups/</a>  <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/7-cynyp/lesson/rastrlyq-bejnelerding-parametrleri">https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/7-cynyp/lesson/rastrlyq-bejnelerding-parametrleri</a>  Paint графикалық редакторы Inkscape графикалық редакторы</p>
<p>Сабақтың соңы (5 минут)</p>	<p>VI. Сыныппен жұмыс. Qwizlet.com сайтымен жұмыс Растрлық және векторлық графика ерекшеліктерін анықтау 1. Пиксельдерден құралады-растрлық бейне 2. Геометриялық фигуралардан құралады-векторлы бейне 3. Масштабтау кезінде сапасы төмендейді-растрлық бейненің кемшілігі 4. Күрделі бейнелерді құруға, оңай сақтауға, басып шығаруға мүмкіндік береді-Растрлық графиканың артықшылығы 5. Аз көлемді алады-Векторлық графиканың артықшылығы 6.Күрделі фотографияларды құруға мүмкіндік жоқ-векторлық графиканың кемшілігі 7. Векторлық графикамен жұмыс істеуге арналған бағдарлама - Inkspace 8. Растрлық графикамен жұмыс істеуге арналған бағдарлама -Paint 9. Inkspace бағдарламасының кеңейтілімі-svg 10. Paint бағдарламасының кеңейтілімі- png</p>	<p><a href="https://quizlet.com/468239757/fl-ash-cards/">https://quizlet.com/468239757/fl-ash-cards/</a></p>
<p>Рефлексия (2 минут)</p>	<p>Мен бүгін сабақта ... атты чек парағын толтырады</p>	